

әкімшілік жауаптылықтың негізін бекітеді, яғни Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар әрекет жасау әкімшілік жауаптылықтың негізі болып табылады. Әрекеттің белгілерін табу дәлелдемелерді жинау мен бағалау арқылы жүзеге асырылады. Олар саралау шеңберінен тыс және жасалған фактілі жағдайдың айтарлықтай көлемін құрайтын белгілерді: жасалған құқық бұзушылықтың орны, уақыты, әдісі, құрамы және жағдайы және т.б. қамтиды. Әкімшілік құқық бұзушылықты саралау кезінде көптеген белгілер арасынан қажетті түрде маңыздысын таңдап алу керек. Оларға, біріншіден, қандай да болмасын әкімшілік құқық бұзушылық түріне тән жалпы белгілер, қоғамдық қауіптілік және құқыққа қарсылық жатады.

Жасаған әрекеттің қоғамдық қауіптілігі және құқыққа қарсылығы туралы қорытынды жасауда, саралауды жүргізетін тұлға қолданыстағы күші бар заңдарды білуі, кәсіпқойлық тәжірибесі, оның ішінде заң мен арды басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді өз жиынтығында жан-жақты толық және объективті қарауға негізделген өзінің ішкі сезімі бойынша бағалайды. Жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілігін және құқыққа қарсылығын анықтағаннан кейін, саралаудың екінші, айрықша, күрделі сатысы басталады. Екінші сатының міндеті осы жасалған әрекетке қандай әкімшілік құқық норма көзделгендігін анықтау болып саналады. Бұл жерде нақты қай әкімшілік құқық бұзушылық түрінің белгілеріне жататындығын қажетті түрде анықтау және салыстыру керек.

Сонымен, әкімшілік құқық бұзушылықты саралау процесінің негізгі мазмұны жасалған әрекет белгілерін әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамының белгілерімен салыстыру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1 Жетписбаев Б.А. Теоретические проблемы административно-правового принуждения в Республике Казахстан: дисс... д-ра юрид. наук: 12.00.02. – Алматы, 2006. – 282 с.

2 Жатқанбаева А.Е. К вопросу эффективности административного производства // Вестник КазГНУ. – 1998. - №6. – С.52-54

3 Бахралинов А.С. Особенности административных правонарушений и административной ответственности несовершеннолетних в Республике Казахстан: дисс... канд. юрид. наук: 12.00.02. – Алматы, 2003. – 126 с.

4 Шағатаев Қ.К. Ішкі істер органдары қолданатын әкімшілік-процессуалдық шараларды жетілдіру мәселелері (Қазақстан Республикасының материалдары бойынша): заң ғыл. канд. дисс...: 12.00.02. – Алматы, 2000. – 137 б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының доценті, PhD докторы М.Н. Абыласимов

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, I курс магистрі, А.М. Қанатов.

Адамның денсаулығы – бұл өмірдің басты құндылығы, ол адамның қажеттіліктерінің иерархиясында ең жоғары сатыға ие. Денсаулық – адам бақытының маңызды компоненттерінің бірі және табысты әлеуметтік-экономикалық дамудың алғышарттарының бірі. Азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының іске асыруының ерекшелігіне, Азаматтың әрдайым құқықтары мен бостандықтарымен қолдану болып табылады.

Әр адам туғанға өлгенге дейін медициналық қарым-қатынастардың әлеуетті субъектісі болып табылады. Медициналық қызметкерлердің қолында еліміздің ең қымбат қазынасы – бұл адам және азаматтың өмірі мен денсаулығы жатыр. Адам және адамның өмірі мен құқықтары Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы. Медициналық тәжірибедегі барлық медициналық процедуралар, диагностикалар және емдеудің нәтижесі әр қашанда оңды қорытындысын әкелмейді. Медициналық қызметкерлердің мұндай қателерді жіберуі, ешқашан жауапсыз қалмауы керек. Себебі, азаматтар көмекке жүгінген кезде алдарында қиындық туындаған жағдайда, олар конституциялық заңнамаға, яғни құқықтары мен бостандықтары бар екенін ұмытпау қажет.

Медициналық сақтандыру. Сақтандыру сөзі ағылшын тілінде «insurance» - «сенім» деген сөзді, ал иврит тілінде «қорғаныс» сөзді білдіреді, ал қазақ тілінде «сақтан,сақтану» деген сөздерді білдіреді [1].

Сақтандырудың бастапқы нысандары ежелгі уақытта пайда болған. Бүгінге күнге дейін сақталып келе жатқан сақтандырудың ең ескі ережелері Талмұттың (Талмуд) кітаптарында жазылған, яғни, егер мал бағудың бір қара малы мерт болған кезде, басқа мал бағушылары қара малын өтеп беруің тиіс. Сондай-ақ Вавилон патшасы Хамурапидің (б.з.д. XVIII) заңдарында сақталып келеді, ол бойынша сол кездегі құл иеленушілік заман болған кезде құл сатушылар мен құл иеленушілердің арасында жасалған сақтандыру заңы болған, яғни құл сатушылар құлдарды елдер бойынша сапарлап апару кезінде, қарақшылық жабуыл, ұрлық немесе тағы да басқа оқиғалар болған кезде екі тарап шығынды бірлесіп көтереді [2].

Ежелгі Грецияда б.з.б 916 жылы Родос аралында өзара сақтандыру туралы құқықтық акт қабылданған болатын, ол бойынша егер кеме бұзылып немесе апатқа ұшыраған жағдайда, кеме капитаны мен кеме иеленушілердің арасында өзара сақтандыру жүйесі болған. Осы құжатта көрсетілген көптеген қағидалар қазіргі уақытта сақтандыруда қолданылады [2;1].

601-700 жылдары Ислам дінін кең таралуы кезінде, Шариғат заңы орын тапты. Ислам шариғат – ол адамның Аллаһпен, басқа адамдармен, қауыммен және қоршаған ортамен қарым-қатынас, рұқсат етілген және тиым салынған нәрселерді реттейтін Құран, Сүннет және сәләфтардың (шииттерде – Әһлі-бейіттің) сөздерімен, ғалымдардың иджитһадымен міндетті болған заңдар жинағы. Такафул арабша «التكافل» – шариғатқа сәйкес, такафул операторымен іске асырылатын қаржы сақтандыру кооперативтік жүйесі. Бұл жүйені жиі исламдық сақтандыру жүйесі деп атайды, ал оның негіздері исламдық муамаалат (исламдық банкинг), шариғат заңдарына сәйкес тексеріледі [3]. Бұл концепт 622 жылдан бері қолданылып келеді. Үлестік ортақ жауапкершілік (акуила) жүйесі Мекка мен Медина тәжірибесінде болған және бүгінгі күнге дейін ортақ сақтандыру жүйесінің негізін қалады.

Қазақ хандығының болмаған кездегі және одан кейін құрылу сәтінде қазақ халқының діні ислам болғандықтан, олар ортақтасқан сақтандыру жүйесін ұстанған.

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру институтының пайда болуының басталуы еліміздің тәуелсіздік алған уақытымен сәйкес келеді. Сақтандыру нарығын қалыптастыру экономикалық өтпелі кезеңінде жүреді. Мемлекеттің дамуы, қаржы жүйесін жетілдіру жұмыстарының арқасында, қазіргі уақытта республикамызда іс жүзінде сақтандыру нарығы қалыптасып және жедел қарқынмен дамып келеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ұлттық заңнаманы және ұлттық сақтандыру нарығының заманауи инфрақұрылымын құру бойынша айтарықтай жұмыстар атқарылды.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – тұтынушыларға медициналық көмекті көрсету бойынша құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру шаралар кешені.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі қарай) – МЭМС) Қазақстанның барлық азаматтарына, басқа елдерден көшіп келген оралмандарға, сондай-ақ Қазақстан аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, жынысына, жасына, шыққан тегіне, әлеуметтік мәртебеге, тұратын кірісіне қарамастан медициналық және дәрі-дәрмектік көмекке тең дәрежеде қатынауды кепілдік береді [4].

Әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорына төлемдер мен аударымдар бар болған жағдайда МЭМС жүйесінде азаматтардың медициналық көмекті алуға құқығы бар.

Қазақстандағы Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушы қандай медициналық көмек ала алады?

- ✓ Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті;
- ✓ Алғашқы медициналық-санитарлық көмек маманының және бейінді мамандардың жолдамасы бойынша консультациялық-диагностикалық көмекті қамтитын амбулаториялық-емханалық көмек, бірақ оның ішіне кірмейтін әлеуметтік мәні бар аурулар қоспағанда;
- ✓ Уәкілетті орган айқындайтын, ауруханаға жатқызу жағдайларының жоспарланатын саны шеңберінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек маманының немесе медициналық ұйымының жолдамасы бойынша – стационарлық көмек, бірақ әлеуметтік мәні бар, қауіпті төндіретін ауруларды қоспағанда;
- ✓ Алғашқы медициналық-санитарлық көмек маманының немесе медициналық ұйымының жолдамасы бойынша- стационарды алмастыратын көмек, бірақ әлеуметтік мәні бар, қауіпті төндіретін ауруларды қоспағанда.

Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 29-бабына сәйкес «1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын

сақтауға құқығы бар; 2. Республика азаматтары заңмен білгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы; 3. Мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.» [5].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Ұлттың жоспары – бес институционалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша нақты» атты 100- нақты қадамы, оның ішінде 80-қадам болып міндетті әлеуметтік сақтандыруды енгізу болып табылды.

Елбасымыздың нұсқауында денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын күшейтуге ерекше назар аударылады. Нақты нұсқауда мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың бірлескен жауапкершілігі қағидасын басшылыққа алады.

Бүгінгі күнде денсаулық жүйесі – үлкен индустрия болып табылады. Күн сайын 300 мыңнан астам адамдар емханаларды, 6 мыңнан астамы ауруханалардан жазылып шығарылады, күн сайын 1000-нан астам нәресте дүниеге келеді, 2 мыңға жуық азаматтарға операция жасалады, 18 мың адам жедел жәрдем қызметін пайдаланады.

МЭМС қазіргі таңда өте жиі талқыланатын заң жобаларының бірі. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төлемдерге, қорға төленуге жататын, мемлекеттің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналары:

- ✓ 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – мемлекеттің жарналарын есептеу объектісінің 3,75 пайызы;
- ✓ 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – мемлекеттің жарналарын есептеу объектісінің 4 пайызы;
- ✓ 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – мемлекеттің жарналарын есептеу объектісінің 6 пайызы

мөлшерінде белгіленеді.

Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, ағымдағы қаржы жылының алдындағы екі жылдағы орташа айлық жалақы мемлекеттің жарналарын есептеу объектісі болып табылады.

Жұмыскерлердің қорға төленуге жататын жарналары:

- ✓ 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – жарналарды есептеу объектісінің 1 пайызы;
- ✓ 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – жарналарды есептеу объектісінің 2 пайызы мөлшерінде

белгіленеді.

Қазақстан Республикасынан тыс кеткен азаматтар, сондай-ақ өзге де төлеушілер үшін 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап бір АЖ-дан 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Ал міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар. Жұмыс берушілердің қорға аударымдары мынадай болып келеді:

- ✓ 2017 жылғы 1 шілдеден бастап – аударымдағы есептеу объектісінің 1%;
- ✓ 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – аударымдағы есептеу объектісінің 1,5%;
- ✓ 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – аударымдағы есептеу объектісінің 2%;
- ✓ 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – аударымдағы есептеу объектісінің 3% мөлшерінде белгілеу

ұсыналады.

Кіріс түрінде жұмыскерге төленетін жұмыс берушінің шығыстары аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

Қазіргі таңдағы еліміздегі эконималық жағдайымыз өте қарқынды дамыған өзінде, еліміздің шығындары өте күрделі өсуде. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатусышылардың төлемдері бойынша өте көп талқылау жүргізілген. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың қорға төленетін келесідей тұлғалар босатылады:

- ✓ Балалар;
- ✓ Жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;
- ✓ Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер;
- ✓ Іс жүзінде үш жасқа толғанға дейінгі баланы (балаларды) тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адамдар;
- ✓ 18 жасқа дейінгі мүгедек балаға күтімді жүзеге асырылатын адамдар;
- ✓ Зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары;

✓ Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде (пенитенциарлық) (қауіпсіздігі ең төмен мекемелерінде қоспағанда) сот үкімі бойынша жазасын өтеп жатқан адамдар, тергеу изоляторларындағы адамдар;

- ✓ Жұмыс істемейтін оралмандар;

✓ «Алтын Алқа және Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ 1 және 2 жәрежелі «Аңа даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар;

✓ Мүгедектер;

✓ Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі оқу бөлімінде оқуын аяқтаған адамдар;

Қазақстанның азаматтарының көптеген сұрақтарының қойылуы, әрине 25 жыл тәуелсіз алғаннан кейінгі жылдарда еліміздің сақтандыру, оның ішінде медициналық сақтандыру ашық түрде, жай жұмысшы адардың тілінде түсіндіру қажет. Қазіргі проблема бұл бұл нақты заңды дұрыс түсіндірмеу, әлі күнге дейін Қазақстан халқысы толығымен заңмен таныспаған, осыдан көп сұрақ туындауда.

Медициналық сақтандырудағы балалар, яғни қатысушысы 18 жасқа толмаған жас өспірімдер мінжетті әлеуметтік медициналық сақтандырудағы төлеушілер тізіміне кірмейді. Басқа шетелдердің денсаулық сақтау жүйесін зерделеу аясында, байқалатын зат бұл балалардың медициналық сақтандырудың субъектісі болып келеді, ал оған төлемді баланың ата-анасы төлемдер жүргізеді екен. Оған қосы Қазақстан Республикасының қорға төленетін төлемдер мен аударымдар белгіленген пайыз мөлшері анықталған, менің ойымша мұда заңға өзгерістер енгізу қажет, себебі қазіргі экономикалық жағдайда, кризистік даму кезінде МЭМС-қа қатысушылардың бос, өзі белгіленбеген, мүмкіндігінше төлемдер жүргізу қажет, себебі әр азаматтың айлық жалақысы әр түрлі болып келеді. Заңымыз жаңа қабылданған себебінен оның нақты қандай нәтиже әкелетінін уақыт көрсетеді.

Президент– конституцияның кепілі, Конституция – мемлекеттің кепілі, Сақтандыру – бұл негізгі кепіл, ол жоғары тұрған кепілдіктердің тәуекелдерін қабылдауды.

Әдебиеттер тізімі:

1 Большой словарь иностранных слов // <http://www.megaslov.ru/>

2 История страхования // <http://www.lider-in-life.com/services/history.php>

3 Р.И.Беккин.– Москва: МГИМО МФ, 2015. ст.45

4 ҚР «Міндетті әлеуметті медициналық сақтандыру туралы заңы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39131293#pos=0;152

5 ҚР Конституциясы // http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының доценті, PhD докторы М.Н. Абыласимов

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы Қ.С. Билибаев

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 1 курс магистрі, А.М. Ағыбай

Біздің еліміздегі конституциялық іс жүргізудің өзгешелігі біріншіден, Конституциялық Кеңестің сот органы болып табылмайды, соттық емес әдістермен Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін арнайы орган болуында.

Конституциялық іс жүргізу – Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіндегі іс жүргізу, кеңес қызметінің іс жүргізу формасы ретінде қарастырылады.

Конституциялық іс жүргізу көбінесе дәстүрлі сот ісіне ұқсас. Алайда, оның өзіндік түр болып бөлінуіне жеткілікті негіздер бар, олар осы іс жүргізуді реттеудің әдісі, тақырыбы мен сипаты.

Мемлекеттік механизм бөлігі бола тұрып, Конституциялық Кеңес биліктің бірде-бір тармағына біріктірілмеген. Өз өкілеттігін іске асыруда ол өзге органдардан, қоғамдық ұйымдардан, лауазымды тұлғалар мен азаматтардан өзгеше және тәуелсіз болады. Өз қызметінде республика Конституциясына ғана бағынады, саяси және басқа да себептерден шыға алмайды. Осының барлығы конституциялық іс жүргізудің қазақстандық моделінің мәні мен ерекшеліктерін анықтайды.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңы және 1996 жылғы 4